



## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі

**Құрметті Үкімет мүшелері!  
Құрметті жиынға қатысушылар!**

Күрделі геосаяси сын-қатерге қарамастан, еліміз бір қалыпты дамып келеді. Мұны жарты жылдық нәтижеден көріп отырмыз. Экономика 3,4 пайызға, ал нақты сектор 4,1 пайызға өсті. Әсіресе, өңдеу өнеркәсібі саласында айтарлықтай ілгерілеу бар. Дегенмен, инфляция да бір орында тұрған жоқ. Қазір бұл көрсеткіш 14,5 пайызға жетіп, 2015 жылғы деңгейден асып түсті.

Бірінші жарты жылдықта экономикамыз қалпына келді. Бірақ халықаралық институттар Қазақстанның ішкі жалпы өнімі биыл 2 пайызға ғана өседі деп болжап отыр. Бұған дейін олар өсім 3,7 пайыз болатынын айтқан еді. Сондықтан, Үкімет ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Ең бастысы, азаматтардың нақты табысын арттыру қажет.

### Құрметті әріптестер!

Жалпы, еліміздің экономикасы сын-қатерлерге төтеп беріп жатыр деуге болады. Қазір халықаралық институттар әлемдік экономика қарқыны бәсеңдейді деген болжам айтуда. Соған сәйкес инфляция жаппай өсуі мүмкін. Өңірлік дағдарыстың ұзаққа созылып бара жатқанын байқап отырмыз. Тіпті, бұл ахуал жаһандық тоқырауға ұшыратады деген қауіп бар. Осындай жағдайда Үкіметтің және Ұлттық Банктің негізгі міндеті – инфляцияны тұрақтандырып, азаматтардың табысын арттыру болуға тиіс. Сондай-ақ, жаңа жұмыс орындарын ашу қажет.

Енді нақты міндеттерге тоқталайын.

### БІРІНШІ. Инфляцияны тұрақтандыру

Қазір инфляцияның шарықтап кетуі ең күрделі мәселе болып отыр. Бағаның өсуіне азық-түлік инфляциясы әсер етті. Оның деңгейі 19,2 пайызға жетті. Жалпы, азық-түлік бірден 80 пайызға қымбаттады. Үкіметтің бағаны тұрақтандыруға бағытталған шаралары тиімсіз болып шықты. Үкімет инфляцияны ескі әдіс-тәсілмен тоқтатқысы келеді. Оның өзінде бюджеттен қосымша қаражат бөліп, бағаны жасанды түрде ғана реттеп отыр. Яғни, қымбатшылықтың себебімен емес, салдарымен күрес жүріп жатыр. Ал, шын мәнінде, керісінше болуы керек.

Үкімет бар жауапкершілікті өңірлерге артып қойды. Олар әкімшілік ресурсты пайдаланып, дүкендерді



аралап жүр, басқа тәсілдер және жаңа идеялар жоқ. Мұндай жұмыс ешқашан тиімді болған емес. Бір сөзбен айтқанда, нарық заңдылығына сай келетін жаңа ұстаным жоқ.

Более двух лет назад я давал поручение запустить Национальную товаропроводящую систему с сетью оптово-распределительных центров.

Правительство заволокило его исполнение. Планы и публичные заявления остались на бумаге.

Проекты строительства оптово-распределительных центров по схеме ГЧП совместно с крупными предпринимателями не реализованы.

Поручаю Правительству в октябре доложить, что сделано в этой сфере.

Привлеките заинтересованных инвесторов.

Далее. Сегодня решения о запрете экспорта той или иной продукции принимаются без учета товарного баланса.

Это приводит либо к дефициту, либо к снижению привлекательности производства необходимых товаров. В итоге эффективность подобных мер резко падает.

Правительству следует утвердить Правила формирования баланса ключевых товаров и, самое главное, разработать единую информационную систему мониторинга.

Это позволит иметь достоверные данные об остатках продукции для принятия решений.

Низкую эффективность показывает деятельность стабилизационных фондов. Их воздействие на рынок минимальное. Порой они становятся кормушкой для

недобросовестных лиц. С этим надо разобраться.

Регулярно выявляются факты бюджетных хищений. Активы утратили контроль за расходованием государственных средств.

Правительством предлагается увеличить объем «оборотной схемы» до 100 миллиардов тенге. У меня вопрос: просчитан ли ожидаемый эффект?

Логичнее было бы кредитовать не торговые сети, а напрямую производителей.

Сейчас не жду ответной реакции Правительства. Нужно обдумать конечное решение с точки зрения эффективности.

Келесі мәселе.

Менің тапсырмам бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі алдын ала сатып алу тәсілдерін кеңірек қолдана бастады. Биылғы шілдеге дейін әлеуметтік маңызы бар 47 мың тонна азық-түлікке қатысты осындай шарттар жасалды. Дегенмен, мұндай көлемдегі тауар ішкі нарыққа айтарлықтай ықпал етпейтіні анық.

Өнімді ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден алдын ала тікелей сатып алу жолдарын айқындау қажет. Мұнымен құзырлы министрліктер айналысуға тиіс. Ауыл шаруашылығы министрлігі осы тәсілді жетілдіру үшін тиісті қауымдастықтарды және нарық субъектілерін жұмылдыруға тиіс.

Тағы бір өзекті мәселе – өнімді сату. Өкінішке қарай, еліміздегі өнімнің бәрі бірдей дүкен сөресінен табыла бермейді. Импортпен қатар, ішкі кедергілер де бар. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің мәселелері де аз емес.

Олар тауардың үздіксіз жеткізілуін, өнім сапасының тұрақты болуын қамтамасыз ете алмайды. Басқа да талаптар бар. Әрине, мұның бәрін біртіндеп ретке келтірген жөн. Сондықтан, фермерлерге қолдау керсету тәсілдерін бірлесіп әзірлеуді тапсырамын. Керек болса «Атамекен» палатасын осы жұмысқа тарту керек. Шаруа қожалықтарына ірі сауда желілерімен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік берілуі керек. Мұндай мүмкіндік олардың жұмысын жандандырып, сауаға инвестиция тартуға жол ашады.

Отандық тауардың сауда орындарына кедергісіз шығарылуын қамтамасыз ету керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондай-ақ, өнімге қосылатын бағаны нақты белгілеп, арада жүрген саудагерлер санын азайту қажет. Ол үшін, ең алдымен, жедел түрде тиісті заңнамалық шараларды қабылдауымыз керек. Үкімет «Атамекен» палатасымен бірлесіп, «Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық жобасын бастау үшін ұсыныстар әзірлеуге тиіс.

Крайне важно навести порядок в торговой системе, имеющей один из самых высоких уровней теневой экономики – 40%.

Факты спекуляции, манипулирования ценами, создания искусственного дефицита – это далеко не полный перечень нарушений.

Все это закладывается в стоимость товаров и оплачивается гражданами.

Правительству совместно с Генеральной прокуратурой следует выработать меры по усилению ответственности

ти владельцев за содержание рынков, соблюдение честной конкуренции, защиту интересов продавцов от неправомерных действий администрации торговых площадей.

Жду от Правительства и акимов конкретных шагов по повышению эффективности имеющихся инструментов, а также внедрению новых подходов к работе.

В условиях сложной международной обстановки многократно возрастает актуальность продовольственной безопасности.

Рост мировых цен на продукты питания уже достиг 34%. Цена пшеницы выросла на 47%, круп – на 18%.

Из-за засушливой погоды ожидается снижение урожайности в странах Европейского союза, США, Канаде и других.

На этом фоне в Казахстане наблюдается замедление темпов роста сельхозпроизводства.

Производство сливочного масла сократилось на 12%, обработанного молока – на 7,5%, сахара – на 5,5%, сыров – на 3%.

В то же время объемы импорта выросли на 22%. В частности, ввоз молока увеличился на 17%.

Профильное министерство докладывает, что в 2023 году Казахстан достигнет продовольственной независимости по мясу птицы (доля импорта сейчас составляет 40%), колбасным изделиям (44%), рыбе (60%), сырам и творогу (50%), сахару (60%), молочной продукции (4%).

Но мы видим иную картину. К примеру, из ранее введенных семи сахарных заводов сегодня действуют только четыре (в Алматинской и Жамбылской обл.), которые загружены лишь на треть (31%).

Минсельхозом планируется увеличить долю свекловичного сахара в 6 раз к 2026 году (с 7 до 43%). Однако за последние четыре года площади сахарной свеклы сократились на треть.

Мы на 90% зависим от импортного сахара. Здесь можно сослаться на решения в рамках ЕАЭС, но, в любом случае, это серьезный просчет Правительства. Значит, не защитили позицию государства. Поэтому я объявляю выговоры министрам Бахыту Султанову и Ерболу Карашукееву.

Правительству нужно в срочном.

(Жалғасы 2 бетте).

# Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі

порядке разработать отдельный отраслевой проект по развитию сахарной отрасли.

Цель – значительное сокращение импортной зависимости, постепенный переход к самообеспечению.

Интерес со стороны внутренних и иностранных инвесторов к этой отрасли достаточно высок, нужны правильные подходы.

Это принципиальный вопрос, имеющий в том числе внутривластическое значение.

Мы сегодня видим, что происходит в магазинах. Позор!

Ранее по моему поручению был разработан План обеспечения продовольственной безопасности на среднесрочный период.

Но вместо конкретного алгоритма действий в этом плане только набор благих устремлений. Есть опасность его неисполнения.

Нужно дополнительно рассмотреть актуальный вопрос массового обновления парка сельхозтехники.

Важно задействовать все возможные источники финансирования. Поручаю внедрить механизм льготного кредитования с целью приобретения отечественной сельхозтехники за счет средств оператора РОП.

Без развитого агропромышленного комплекса невозможно говорить об обеспечении продовольственной безопасности. Это аксиома.

Урожайность растениеводства значительно отстает от мировых.

Обеспеченность собственными семенами составляет всего 51%. По таким позициям, как картофель и сахарная свекла, этот показатель не превышает и 10%.

Мы сильно зависимы от импортных семян. Правительству следует развивать первичное семеноводство на базе опытных хозяйств. Нужно помочь бизнесу обновить оборудование, а также комплексно стимулировать агронауку.

Производительность и урожайность в решающей степени зависят от соблюдения агротехнологий. В нашей стране фермеры вносят только четверть необходимого объема удобрений. Это связано с их дороговизной.

Наш рынок удобрений критически зависит от импорта и нескольких отечественных производителей.

Вдобавок, недавняя проверка выявила факты завышения цен для отечественных аграриев.

Например, ТОО «Казфосфат» продавало значительные объемы удобрений аффилированной компании (ТОО «KAZ Chemicals Trading House»), которая добавляла до 30% торговой наценки.

Данную ситуацию удалось исправить мерами антимонопольного реагирования – производитель возвращает свой незаконный доход.

Соответствующие ведомства должны держать вопрос на жестком контроле.

В целом, дефицит удобрений – это мировая тенденция.

Казахстан ежегодно импортирует более 600 тысяч тонн минеральных удобрений, из них 80% (500 тысяч тонн) – из России.

Правительству нужно принять комплексные меры для недопущения дефицита удобрений и завышения их стоимости.

В Казахстане есть целый ряд калийных и фосфоритных месторождений с разведанными запасами.

Нужно начать их промышленную разработку и наладить производство отечественных удобрений. По-другому от импортной зависимости по удобрениям мы не сможем уйти.

Правительству следует взять данный вопрос на особый контроль.

**ЕКІНШІ.** Азаматтардың табысын арттыру және адам капиталын дамыту.

Соңғы жылдары халықтың табысы біртіндеп өсті. Былтыр бұл өсім 5 пайыз шамасында болды. Бірақ, Алматы, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында жұрттың табысы орташа республикалық деңгейге жетпейді. Бұл көрсеткіш Алматы және Шымкент қалаларында да төмен. Ал, Қызылорда облысында халықтың табысы тіпті азайып кетті. Биыл мамыр айында азаматтардың нақты табысының көрсеткіші минус 2,9 пайыз болды. Мұндай құлдырау көптен бері болған емес.

Халықтың табысын арттыру бағдарламасы қабылданды. Бірақ, оның жұртқа тигізіп жатқан пайдасы шамалы. Ең алдымен, жергілікті жерлерде тиімді жұмыс жүргізілуі керек. Әкімдер жыл сайын әрбір 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын ашуға тиіс. Менің білуімше, бұл бағытта нақты нәтиже жоқ. Тағы да ескертемін. Өңір басшыларының жұмысын бағалаған кезде осы көрсеткішке баса мән береміз. Жұмыс орындарын ашу жұрттың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді. Экономиканың тұрақты дамуы да осыған байланысты. Сондықтан Үкімет әкімдермен бірлесіп, бұл міндеттің қалай орындалып жатқанын талдауға тиіс.

Халық саны көбейген сайын тұрақты жұмыс орындары ашылуы керек. Бірақ, Маңғыстау облысында осы мәселе ескерілмеген. Мұнда жөніс жүргізілген көші-қон саясатының салдарынан күрделі ахуал қалыптасып отыр. Тұрғындардың саны көбейгенмен, әлеуметтік инфрақұрылым салынған жоқ. Жұмыс орындары ашылмады. Тұрмыс сапасы төмендеп кетті. Жұрт «ҚазМұнайГаз» компаниясына жұмысқа тұрғызу, жоғары жалақы беруді талап етуде. Ашығын айтқанда, Жаңаөзендегі кен орындарының көпшілігі сарқылып барады. Бұл жағдай баршаға мәлім.

Соңғы 15 жылда осы өңірде мұнай өндіру ісі 30 пайызға азайған. Соған қарамастан, жұмысшылар саны 50 пайызға көбейді. Еңбекақы төлеу қоры 10 есе артты. Ал, көп жалақы төленетін үш өңірдің бірі – осы Маңғыстау өлкесі. Нақты айтсақ, Жаңаөзен орташа еңбекақының ең жоғары деңгейі бойынша көш бастап тұр. Үкімет Жаңаөзенді дамыту үшін арнайы жоспар қабылдады. Республикалық бюджеттен қомақты қаржы бөліп, салықты азайтып отыр. Осындай тікелей қолдау шаралары еліміздің басқа облыстарының есебінен жасалуда.

Жұрттың бәріне мұнай-газ саласынан жұмыс тауып беру мүмкін емес. Мұны ашық айтуымыз керек. Өңірдегі жұмыссыздық ішкі және сыртқы көші-қон үдерісіне байланысты күшейіп барады. Үкіметке ішкі экономикалық ресурстарды жұмылдыратын жаңа тәсілдер әзірлеуді тапсырамын. Бұл ретте, халықты өзге аймақтарға көшіру бағдарламасын түбегейлі қайта қарау керек.

Біз тарихи Отанына оралған қандастарды толық қолдаймыз. Бірақ, тек Маңғыстау өңірімен шектелуге болмайды. Басқа облыстарға, соның ішінде өндірісі дамыған аймақтарға қоныстануға болады. Біз қажетті жағдайды жасауға дайынбыз.

Қазіргі заманда өңірлерде, елдерде, тіпті, құрлықтарда жұмыс күшінің көші-қоны жүріп жатыр. Бұл заңды құбылысқа айналды. Осы үрдіске біздің азаматтар да үйренуі керек. Көрші елдердің азаматтары бұл жағдайға жақсы бейімделді. Біз қандастарымыздың барлық салада, соның ішінде мемлекеттік қызметте жұмыс істегенін қалаймыз. Олар Жаңа Қазақстанды құруға өз үлесін қосады деп сенемін.

Қазіргі таңда жастарды жұмыспен қамтуға баса назар аударатын кез келді. Жыл сайын еңбек нарығына 300 мыңға жуық жастар шығады. Елімізде өскелең ұрпақтың өзін-өзі дамытуына жағдай жасалып жатыр. Бірақ, нақты шараларға қарамастан, жастарды жұмыспен қамту мәселесі толық шешілмей келеді. Кейбір аймақта жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі еліміздегі орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары. Әсіресе, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары – соның қатарында. Үкімет және облыс әкімдері осы мәселеге айрықша назар аударуға тиіс. Жыл аяқталғанда тиісті қорытындысын шығарамыз.

Екі мыңыншы жылдары бала саны күрт көбейгені белгілі. Келесі жылдан бастап сол кезеңде дүниеге келген ұрпақ еңбек нарығына шыға бастайды. Осыны ескерген жөн. Сондықтан, жұртты жұмыспен қамту ісіне қатысты тың тәсілдер қолдану қажет. Ал, азаматтарымыз қазіргі замандағы халықаралық нарық үрдісіне бейімделуі керек.

Еліміздің демографиялық, көші-қон, технологиялық даму барысын да ескерген абзал. Бұл мәселенің демографиялық және экономикалық қырын бірдей ұштастыра білген жөн. Үкіметке еңбек

нарығын дамыту жоспарын шұғыл әзірлеуді тапсырамын.

Адам капиталын дамыту ісінде білім саласы негізгі рөл атқарады. Біз жуырда Білім және ғылым министрлігін екіге бөлдік. Бұл қадам қордаланған мәселелерді шешу үшін қажет болды. Үкімет және жаңа министрліктердің басшылары отандық білім және ғылым саласын тың серпінмен дамытуға күш салады деп сенемін.

Мен осы жылды Балалар жылы деп жарияладым. Бірақ, соңғы жылдары мектеп қабырғасында зорлық-зомбылықтың көбейіп кеткені алаңдатады. Оның үстіне, толық жабдықталған мектептердің 65 пайызында (яғни, 3 мың мектепте) бейнебақылау жүйесі талапқа сай емес, кейде мүлдем жұмыс істемейді. Жалпы, еліміз бойынша балалар мен жасөспірімдердің өз-өзіне қол салуы, яғни суицид азайды. Дегенмен, Алматы, Жамбыл, Қостанай және Маңғыстау облыстарында мұндай оқиғалар көбейіп барады. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғауға, суицидтің алдын алуға, әрбір баланың құқықтарын қамтамасыз етуге арналған кешенді жоспар қажет.

Тағы бір түйткілге тоқталсам. Жекеменшік балабақшаларда балаларды ұрып-соғу деректері бар. Сонымен қатар, жұмыс істемейтін балабақшаларға қаржы бөлу көбейіп кетті. Мұның бәрі олардың қызметі ашық емес екенін, азаматтық жауапкершілігі жоқтығын көрсетеді. Басқаша айтқанда, қоғам талабына сай емес. 2011 жылы балабақшалардың лицензия бойынша жұмыс істеу тәртібін тоқтаттық. Мемлекет бұл қадамға амалсыздан барды. Өйткені, мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшамен барынша қамтуымыз керек болды. Бұл ретте, жеке сектордың әлеуетін пайдалану маңызды еді. Нәтижесінде 2 және 6 жас аралығындағы балалардың 88 пайыздан астамы балабақшамен қамтылды. Енді қызмет көрсету сапасын арттыратын кез келді. Үкімет осы мәселені мұқият қарастыруы керек. Лицензиялау тәртібін қайта енгізу, ең алдымен, мемлекетке емес, қоғамға қажет шара. Өйткені, басты мақсат – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Келесі мәселе – қосымша білім беру. Бұл – өскелең ұрпақтың қарым-қабілетін дамыту үшін қолға алынған бастама. Қосымша спорттық және шығармашылық білім беру ісіне мемлекет тапсырысы бойынша қаржы бөлінетін болды. Бұл қадам үйірмелер мен секцияларға қатысты балалардың санын 70 пайызға дейін арттырды. Мұны стратегиялық тұрғыдан дұрыс шешім болды деп санаймын. Дегенмен, жоба іске қосылған жылы бірқатар олқылықтарға жол берілді. Яғни, қаржы мәселесі және тиісті порталдың («Артспорт») жұмысына қатысты қателіктер болды. Қаржыны артық жұмсау, алаяқтық, ашықтан-ашық жұмқыру басталды. Ата-аналар балаларын бірден бірнеше үйірмеге беретін болды. Өкінішке қарай, мұндай тәріс пияғыл басқа балалардың жолын кесіп отыр. Кемшіліктің бәрін түзетіп, осы игі бастаманы жалғастыру қажет. Әкімдіктер және мәслихаттар қосымша білімге бөлінетін бюджет қаражаты жетпей қалуы мүмкін деп алаңдап отыр.

Білімге салынған қаражат – мемлекет үшін ең басты инвестиция болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Түптеп келгенде, дамудың бірден-бір жолы – білім саласы. Сондықтан, бұдан ешкім ұтылмайтыны сөзсіз. Үкімет пен әкімдер жұртшылықпен бірлесіп, жобаны жетілдіруге тиіс. Оны сапалы әрі тиімді жасау қажет. Нақты ғылымдар мен инженерия саласы бойынша қосымша білім беруге айрықша назар аудару керек. Балаларды дене шынықтыру және академиялық тұрғыдан бірдей дамыту қажет. Ауылдық жерде тұратын балаларға баса мән берген жөн. Барлық аймақтағы балалардың қосымша білім алуына мүмкіндігі болуға тиіс. Құзырлы министрлік пен әкімдіктер жобаның жүзеге асырылуын реттеп, жіті бақылауы қажет. Бұған дейін бөлінген қаржының жұмсалыуын тексеру керек. Бұл міндет Бас прокуратураға жүктеледі.

Анықталған кемшіліктерді Үкіметпен бірлесіп жою қажет. Үкіметтің басты міндетінің бірі – ана мен баланың денсаулығын сақтау. Өкінішке қарай, сәбилердің өлімі көбейді. Ана өлімі де өсуде. Мен перинаталдық қызметтің жай-күйін тексеруге тапсырма бердім. Оның қорытындысы

бойынша тиісті шаралар қабылдануы керек еді. Бірақ, барлық жұмыс аудит деңгейінде тоқтап қалды. Қазіргі перзентханалардың көбі халықаралық стандарттарға сай емес. Сондықтан шұғыл шаралар қабылдап, осы мәселені шешу қажет.

Жалпы, денсаулық сақтау саласы туралы айтар болсақ, мұнда түйткілді мәселелер көп. Қазақстанда созылмалы ауру салдарынан қайтыс болу көрсеткіші өте жоғары. Әсіресе, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдермен салыстырғанда біздегі ахуал өте нашар. Медицина саласына бөлінген қаржы көлемі артқанымен, мұнда қордаланған мәселелер шешімін таппай отыр. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі тиімді болмады, нақты нәтиже жоқ. Үш миллионға жуық адам медициналық сақтандырудан тыс қалған. Соның кесірінен олар денсаулық сақтау саласындағы қызметтерді толық пайдалана алмайды. Үкімет Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауы керек.

Келесі өзекті мәселе – денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру. Бұл жұмыс өте баяу жүріп жатыр. Жалпы, цифрландырудың қазіргі деңгейі дәрігерлердің жұмысын жеңілдетіп отырған жоқ. Денсаулық сақтау саласында 40-тан астам ақпараттық жүйе жұмыс істейді. Әр жүйенің өз кемшіліктері бар. Министрлік болса, жауапкершіліктен қашып, нақты шешім қабылдамай отыр. Ал, мұның зардабын дәрігерлер мен азаматтар тартуда. Үкімет осы мәселені тез арада шешуі керек.

Енді, күн тәртібіндегі шұғыл мәселелерге тоқталайын.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша коронавирус жұқтырғандар көбейіп келеді. Соңғы екі аптада науқастардың саны 30 пайызға артқан. Біздің елде де ахуал күрделене түсті. Алматы «қызыл» аймаққа қайта кіруі мүмкін. Негізгі себеп – тұрғындар мен дәрігерлердің қауіпсіздік шараларын сақтамауы. Мекемеаралық комиссияның жұмысын күшейту қажет. Сондай-ақ, ревакцинация науқанын жандандырып жөн. Бұл жұмыста ешқандай асыра сілтеу болмауы керек. Шағын және орта бизнестің мүддесін ескерген абзал.

И в завершение по данному блоку. По моему поручению Администрация Президента координирует разработку двух пилотных национальных проектов: «Комфортная школа» и «Модернизация сельского здравоохранения».

Они имеют четкие задачи и сроки реализации, ориентированы на конкретные результаты.

Напомню, о чем идет речь.

Нацпроект «Комфортная школа» предполагает строительство около 840 тысяч ученических мест по новым строительным стандартам, оснащенных современным оборудованием.

Проект нацелен на решение вопроса трехсменного образования, аварийных школ, единообразия условий получения образования.

Нацпроект «Модернизация сельского здравоохранения» позволит обеспечить все села положенной медицинской инфраструктурой.

Он охватит 650 населенных пунктов с более чем 800 тысячами граждан. Запланирована модернизация 32 районных больниц до уровня многопрофильных медучреждений.

В результате расстояние для получения экстренной и среднетехнологичной медпомощи сократится с 500 до 200 километров.

Правительству в рамках бюджетного процесса до сентября текущего года следует провести все расчеты и принять необходимые меры для реализации указанных нацпроектов.

**ТРЕТЬЕ.** Совершенствование денежно-кредитной и налогово-бюджетной политики

Приходится констатировать, что за все время существования отечественной финансовой системы нам не удалось добиться полноценного функционирования процентного канала.

Это снижает эффективность денежно-кредитной политики – одного из главных механизмов управления экономикой.

(Жалғасы 3 бетте)

# Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі

Для решения этой проблемы требуются комплексные меры как со стороны финрегуляторов, так и со стороны Правительства.

Недостаточно действенная монетарная политика также ограничивает развитие финансового сектора. И наоборот.

Сегодня наблюдается ситуация, когда на фоне бурного роста потребительских займов сокращается доля корпоративного кредитования – ключевого фактора экономической активности.

За пять лет доля корпоративных кредитов в общем объеме выданных займов уменьшилась с 68 до 41 %.

Любой мало-мальски значимый проект приходится кредитовать либо за счет государственных институтов развития, либо за счет займов международных финансовых организаций. И это при том, что в банках имеется 11 триллионов тенге высоколиквидных активов. Это, по сути, катастрофическая ситуация, без всякого преувеличения.

Финансовый регулятор отчитывается о принятых мерах в части ослабления пруденциальных нормативов. Однако, как показывают данные, этих мер недостаточно.

Поэтому Национальному банку, Агентству по регулированию финансовых рынков совместно с Правительством необходимо выработать дополнительные рычаги и стимулы для вовлечения банков в кредитование реального сектора экономики.

Сохраняет свою остроту вопрос справедливого распределения доходов между уровнями бюджетов.

В условиях жесткой фискальной централизации система распределения доходов необъективна.

Все регионы, за исключением четырех, превратились в дотационные и зависят от центра. По сути, они не мотивированы увеличивать собираемость налогов.

В результате образуется нехватка собственных средств.

Местные бюджеты покрывают только пятую часть от необходимого финансирования.

Остальное возможно получить только «договорившись» с центром. Об этом я уже говорил.

Все изменения в текущих бюджетах требуют рассмотрения на заседаниях Республиканской бюджетной комиссии и маслихатов, что часто приводит к излишней бюрократии и затягиванию сроков.

В итоге социальные ожидания граждан не оправдываются. Имеются факты, когда строительные-монтажные работы начинаются лишь на третий год.

При этом сложившаяся система ставит во главу угла своевременность и полноту освоения бюджетных средств. А эффективность расходов и качество выполненных работ остаются на втором плане.

Новая налогово-бюджетная политика должна максимально децентрализовать финансово-экономические функции в пользу регионов.

На местный уровень можно передать значительное количество статей доходов и расходов, жесточив при этом спрос за их реализацию.

Только в этом случае повысится роль и ответственность местных властей за конечный результат.

Мною уже давались конкретные поручения по совершенствованию бюджетного планирования, межбюджетных отношений, системы оценки. Однако результат минимальный.

Мои претензии адресуются Минфину. Поручаю АСПИР совместно с регионами и экспертным сообществом подготовить пакет практических реформ по всем вышеуказанным приоритетам.

Реформы должны в полной мере удовлетворять интересы граждан и бизнеса.

Начата работа по противодействию незаконной концентрации экономических ресурсов и возврату незаконно полученного имущества.

Были созданы соответствующие комиссии, активность которых в последнее время заметно снизилась.

Следует более оперативно принимать меры, направленные на демополилизацию товарных рынков и возврат капитала.

Вместе с тем необходимо исключить любые перегибы и злоупотребления по отношению к добросовестному бизнесу.

А такие факты у нас имеются. На местах то и дело продолжается давление на предпринимателей.

Если так будет продолжаться, примем жесткие меры в отношении самих сотрудников правоохранительных органов.

**ЧЕТВЕРТОЕ.** Поддержка реального сектора экономики

Мы являемся свидетелями глобальной борьбы за инвестиционный капитал.

Каждая вторая из почти 1 400 крупных зарубежных компаний приостановила деятельность или полностью ушла с российского рынка.

Правительству следует создать благоприятные условия для их релокации в Казахстан. Это даст нам хорошие возможности для наращивания производства товаров средних и верхних пределов.

Я поручал Правительству подготовить пул инвестиционных проектов в сфере обрабатывающей промышленности и отработать его с потенциальными инвесторами. Данная работа все еще ведется в режиме совещаний и встреч.

В части конкретных результатов пока мало чем можно похвастаться. Новых проектов, по существу, нет.

Еще раз подчеркиваю: проекты прежде всего реализуются в регионах, на местах. Поэтому спрос за их привлечение и доведение до конечного результата с акимов будет такой же, как с министров.

У нас есть планы по стимулированию инвестиций в разработку недр. Важная задача – обеспечить прозрачность и эффективность работы геологической отрасли страны.

Мы много говорим об этом, даже создали отдельное министерство. Однако отсутствие прозрачности и кулуарное принятие решений по сей день сдерживают развитие отрасли – обогащаются люди, имеющие доступ к геологической информации.

Подковерную раздачу участков различным фаворитам и дельцам допустить нельзя. Я уже об этом говорил.

Правительство уже несколько лет обещает создать оцифрованный банк данных минеральных ресурсов с открытой геологической информацией. Средства были выделены, но эта важнейшая задача до сих пор не исполнена и забалтывается под разными предлогами.

В лучшем случае речь идет о непрофессионализме, в худшем – о преднамеренном саботаже. И то, и другое, предупреждаю, чревато серьезными последствиями для исполнителей.

Это касается прежде всего профильного министерства, но также и других ведомств. Что касается профильного министерства, то я объявляю министру выговор.

Во-первых, выговор за то, что я уже сказал. А также за то, что затеяли непонятную волокиту и дискуссию вокруг дальнейшей судьбы популяции сайгаков. Зачем это все выводить на такой уровень общественного обсуждения?

Нужно профессионально подойти к этому вопросу, с учетом менталитета нашей нации.

Действительно, сайгаки являются для казахов священными животными. Вносится предложение, чтобы изъять из природного ландшафта 80 тысяч сайгаков, то есть убить их. Но есть, видимо, и другие методы. Посоветуйтесь со специалистами, это же крайние меры. Я не исключаю, что, возможно, придется прибегнуть и к этой мере. Но это крайняя мера, подчеркиваю. Нужно профессионально подходить к этому вопросу.

Что касается вышеуказанного вопроса, Правительство должно доложить о причинах затягивания запуска Национального банка данных.

В целом, цифровизация идет медленно, на мой взгляд, неудовлетворительно. Я поручал улучшить работу национального холдинга «Зерде», который подвергся критике Счетного комитета. Премьер-министру как куратору цифровизации следует обратить особое внимание на этот вопрос.

Министру я делаю замечание. Я считаю, что вы неудовлетворительно работаете, подводите Премьер-министра.

Неэффективная политика сохраняется и в сфере недропользования. По моему поручению проводится масштабная ревизия неиспользуемых месторождений с дальнейшей их передачей добросовестным инвесторам. Но результаты пока не впечатляют.

Имеются также многочисленные факты незаконной добычи ископаемых и действия контрактов с истекшими сроками.

**ПЯТОЕ.** Обеспечение энергетической безопасности

Несмотря на проведенную модернизацию отечественных нефтеперерабатывающих заводов, в стране ежегодно возникает дефицит нефтепродуктов.

По моему поручению проведена проверка их деятельности.

Так, за 2020-2021 годы зафиксировано 410 фактов внепланового простоя (на Атырауском НПЗ – 372 (!), Павлодарском – 14, Шымкентском – 24).

Текущая процессинговая схема переработки нефти позволяла неэффективным посредникам получать основную долю доходов, тогда как заводы оставались недофинансированными.

Было принято решение перейти на комбинированную схему, которая предусматривает осуществление маркетинга нефтепродуктов нефтедобывающими компаниями и самими НПЗ.

Это позволит им увеличить доходы, которые можно направить на модернизацию производства и повышение зарплатных плат.

Далее. Эффективность национальных компаний – это по-прежнему серьезная проблема.

Сохраняется большой объем административных расходов в национальных и квазигосударственных компаниях.

Это недоработка руководства «Самрук-Казына». Много сделано, но дел еще непочатый край.

Нужно пересмотреть базовые нормативы положенности для обеспечения нормального функционирования Фонда.

Сохраняет свою актуальность задача перезагрузки его деятельности.

Вместо выстраивания эффективной операционной среды и корпоративного управления «Самрук-Казына» по-прежнему напрямую вмешивается в операционную и закупочную деятельность, кадровую политику портфельных компаний.

Тогда о каком корпоративном управлении, о каком IPO можно говорить в данном случае?

Поручаю АСПИР совместно с Правительством и Фондом подготовить конкретные предложения по дальнейшей реформе квазигосударственного сектора.

Следующее. По оценкам экспертов, осенью в стране может возникнуть дефицит дизельного топлива (100 тысяч тонн).

Эта ситуация складывается из года в год, и всякий раз во время уборочных работ.

Основной аргумент Правительства – вымывание топлива с нашего рынка транзитным транспортом и жителями приграничных регионов соседних стран.

Но проблема несколько глубже – существуют организованные, налаженные годами схемы по вывозу отечественных нефтепродуктов в близлежащие государства.

АФМ нужно разобраться с этим вопросом. Представьте мне

информацию, кто конкретно этим занимается. Затем примем окончательное решение.

Также поручаю Правительству, Агентству по защите конкуренции выработать дифференцированные цены на нефтепродукты для транзитного транспорта и по периметру границы.

Это снизит ценовой диспаритет с соседними странами и не отразится в целом на ценах для наших граждан.

Ключевую роль в экономическом и социальном благополучии Казахстана играет газовая отрасль.

За счет введения новых промышленных объектов и газификации страны потребление газа на внутреннем рынке ежегодно увеличивается.

За последние 10 лет объемы потребления газа на внутреннем рынке выросли более чем в два раза – с 9 до 19 миллиардов кубических метров.

Дефицит газа в стране прогнозируется уже в следующем году.

При этом нужно понимать, что переориентация газа с экспортного на внутренний рынок – вынужденный шаг, который ведет к потере валютной выручки и ухудшению торгового баланса.

Поэтому для решения данной проблемы необходимы системные меры, в том числе по увеличению ресурсной базы и переработки газа.

Только нарастив добычу и переработку газа, государство сможет получать экспортную прибыль и в полной мере обеспечивать внутренние нужды.

Поэтому для новых проектов по добыче газа следует проработать фискальные преференции.

Правительство также должно четко распределить функции между соответствующими национальными компаниями.

Мы были вынуждены до конца текущего года продлить ценовое регулирование на розничную реализацию сжиженного нефтяного газа.

Однако искусственное сдерживание цен в будущем может привести к дефициту. Это закон рынка.

Поэтому Правительству необходимо принять меры по запуску торгов, не допустив при этом ценовых перекосов.

Как вам известно, в июне завершился мораторий на повышение тарифов на энергию.

С учетом высокого износа оборудования и необходимости подготовки к отопительному сезону приходится ожидать повышения тарифов.

К этому вопросу следует подойти взвешенно, не допустив резкого скачка и исключив любую избыточную маржинальность компаний.

Крайне важно обеспечить поддержку социально уязвимых слоев населения.

Правительству необходимо перейти на проактивный формат социальной поддержки, сделав ее более адресной.

Социальную карту семьи необходимо довести до ума, чтобы она, наконец, стала реальностью. Первоначальная концепция проекта неоднократно менялась из-за участия в ее разработке нескольких ведомств.

Поручаю Правительству до конца года запустить Цифровую карту семьи и внедрить Социальный кошелек.

Нельзя забывать и об имеющемся дефиците энерго мощностей. Согласно плану энергобаланса, в этом году мы должны были ввести более 1 гигаватта мощностей. Однако реализация ряда проектов отложена. В текущем году будет введен только 31 % от планировавшихся мощностей (347 МВт).

В условиях энергодефицита такие темпы неприемлемы. Надеюсь, в Правительстве понимают это.

Недостаточными темпами идет и усиление электрической сети Южной и Западной зон единой энергосистемы страны. В настоящее время работы по Западной зоне завершены только на 10 %.

(Жалғасы 4 бетте).

# Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі

(Соңы. Басы 1,2,3 беттерде)

Необходимо принять все меры для своевременной реализации проектов. От этого зависит энергетическая безопасность Казахстана.

**АЛТЫНШЫ.** Автожол инфрақұрылымын дамыту Біз бір апта бұрын еліміздің көлік-транзит әлеуетін дамыту мәселелері туралы арнайы жиын өткіздік. Бүгін автожол инфрақұрылымы саласындағы түйткілдерге ерекше тоқталғым келеді. Биыл 11 мыңнан астам шақырым жолға әртүрлі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұған 600 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Жөндеу жұмыстарын сөзбалаға салуға болмайды. Жобаларды жүзеге асыру барысын қатаң бақылауға алу қажет. Жолдың сапасына айрықша назар аудару керек. Еліміздің жолдары нашар екені және жол құрылысы саласын жемқорлық жайлағаны ешкімге жасырын емес. Тіпті, басқа жерді айтпағанның өзінде Ақордаға апаратын жолдың өзі жамау-жамау, құрақ көрпеге ұқсайтын болды. Жалпы, бұл салада қордаланған мәселе көп. Тендерді жыл сайын бірді-екілі компания ғана ұтып алады. Мұндай жағдайдың қайталанып келе жатқанына ондаған жыл болды. Осының бәрін ретке келтіру үшін шұғыл шаралар қабылдау керек. Жарты жыл өтті. Ал, жол жөндеуге бөлінген қаражаттың 44 пайызына мемлекеттік сатып алу қорытындысы жасалған жоқ (464 млрд. теңгенің 263 млрд. теңгесі бойынша мемлекеттік сатып алу қорытындысы бар). Бұл жұмыс Павлодар (17%), Маңғыстау (24%) және Батыс Қазақстан (27%) облыстарында өте баяу жүрде.

Келесі мәселе. Қазақстанда жол құрылысына қажетті материалдың бәрі бар. Бірақ, отандық өндірістің әлеуеті толық қолданылмайды. Мұны, тіпті, қолдан жасалған тапшылық деуге болады. Мысалы, елімізде битум өндіретін үш зауыт бар. Соған қарамастан, 200 мың

тонна битум жетіспейді. Құрылыс қарқынды жүрген кезде оның бағасы үш есе (яғни, бір тоннасы 90 мыңнан 250 мың теңгеге дейін) қымбаттайды. Үкіметке жол құрылысына қажетті ресурстарды өндіру және тұтыну барысын мұқият саралауды тапсырамын.

Соның негізінде құрылыс материалдарын шығаратын жаңа кәсіпорындар ашу қажет. Ал, жұмыс істеп тұрған нысандарды жаңғырту керек.

Тағы бір маңызды мәселе – мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізу. 2019 жылдан бері автожол саласында құны 1,5 триллион теңге болатын мемлекеттік келісім-шарттар жасалды. Соның 40 пайызын шетелдіктердің қатысы бар компаниялар ұтып алған. Біз шетелдік серіктестерімізге қолдау көрсетеміз. Олар үшін нарық әрдайым ашық болады. Бірақ, отандық компанияларымыз бөлсене қатыспайды. Үкімет жергілікті кәсіпорындар үшін бәсекелі орта қалыптастыруы керек. Кейбір ірі компаниялардың еңбек және материалдық ресурстары жеткіліксіз. Соған қарамастан, олар тендерді ұтып алып, жұмысты мердігерге ысыра салады. Осындай ахуал жылда қайталанатын. Тіпті, жұмыстың 100 пайызы басқа мердігерге тапсырылғаны жөнінде мәліметтер бар. Мысалы, Қарағанды-Балқаш автожолын (363 шақырым) жөндеу жұмыстары 2019 жылдан бері жалғасып келеді. Бұл жобаның жалпы құны – 248 миллиард теңге. Бас мердігері осы жұмысты басқа компанияға тапсырды. Ал, бұл компания барлық жұмысты қосалқы мердігерге ысыра салған. Тіпті, 22 пайыз көлеміндегі

үстеме ақысын да ұстап қалған.

Тағы бір өзекті мәселе – жол бойында заманауи қызмет көрсету ісін ретке келтіру. Қазір елімізде осындай 1600 нысан бар. Оның 68 пайызы ғана ұлттық стандартқа сай келеді. Транзит тұрғысынан өте маңызды Түркістан, Қарағанды және Маңғыстау облыстарындағы жағдай өте нашар.

С теушего года бизнесу возмещается 10 % от стоимости объекта, подъезды к ним строятся за счет бюджета. Введено субсидирование затрат на содержание санитарных узлов. Для бизнеса созданы все условия, теперь акимам на местах необходимо организовать качественную работу.

Келесі мәселе – автожол саласына қатысты. Бұл салаға түбегейлі реформа жасайтын уақыт жетті. Қазір еліміздегі жолдың жай-күйін қадағалап, қызмет көрсететін екі негізгі оператор бар. Турасын айтсақ, екеуі де бір жұмысты атқарып отыр, жұмысшыларының саны да қажетті шамадан артық. Соған қарамастан, азаматтардан келіп жатқан орынды арыз-шағымдар азаяр емес, ал жолдың сапасы мүлде сын көтермейді. Үкіметке «ҚазАвтоЖол» және «Қазахавтодорды» біріктіріп, Қазақстанның біртұтас автожол компаниясын құруды тапсырамын. Нәтижесінде қызметкерлердің саны да қысқаратын болады. Жалпы, бұл саланы кешенді түрде қайта жаңғырту керек. FIDIC халықаралық қағидаттарын енгізген жөн. Оны жүзден астам ел пайдаланып отыр. Бұл жүйе жол саласын тиімді басқаруға, бюджет қаражатын ұтымды пайдаланып, барлық

деңгейдегі жемқорлық қаупін азайтуға мүмкіндік бермек. Мұндай жүйеге көбі қарсы болады. Бұл жерде министрдің және тиісті вице-премьердің нық ұстанымы қажет. Тұтастай алғанда, осы мәселе бойынша арнайы комиссия құру керек. Оған Үкімет мүшелерін, Президент Әкімшілігі, құқық қорғау органдарының өкілдерін, депутаттарды қосқан жөн. Жарты жыл ішінде барлық кемшілікті, соның ішінде жемқорлықты және олқылықтарды түзетуге бағытталған ұсыныстарды әзірлеп, маған баяндау қажет.

Эта комиссия должна тщательно расследовать все нарушения, которые были допущены в прошлом, как минимум, за 10 лет, в строительстве дорог в нашей стране. Всех виновных в плохом качестве дорог следует привлечь к ответственности согласно закону.

Жалпы, Үкіметтің жұмысына орташа деген баға беруге болады. Үкімет табандылық танытуға тырысуда. Бірақ, қазіргі кезеңде босаңсуға болмайды. Жұмыс қарқынын барынша күшейту қажет. Жаңа, тың әдіс-тәсілдерді қолдану керек. Үкімет жедел әрекет ететін оперативтік штаб қана емес, нақты реформаларды ұсынатын және жүргізетін басты мемлекеттік мекеме болуы керек. Экономистер, кәсіпкерлер көп. Шетінен білімді, дарынды. Бірақ, олардың нақты ұсыныстары аз, тіпті, жоқ деп айтуға болады. Күзге қарай, мүмкін, кадрлық шешімдер қабылдау керек болады. Ерекше дағдарыс жағдайында бұл өте қажет екені түсінікті.

\*\*\*\*

## Аудан басшысы жазғы лагерінің ашылу салтанатына қатысты

Жаз мезгілінде Созақ ауданының мектеп оқушылары Түлкібас ауданы, «Машат» шатқалында орналасқан Бекзат Саттарханов лагерінде демалады. Үш маусымдық демалысқа 1100 оқушы қамтылған.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, «Машат» шатқалындағы



демалыс орнына арнайы атбасын бұрды. Оқушылардың жатын жайымен, лагерьдің тыныс тіршілігімен танысты. Ауыл, кент округтерден келген оқушылармен тілдесті. Лагерьдің салтанатты ашылуына қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

«Жазғы демалысты табиғаты тамаша жерде өткізіп, жаңа дос табуларыңа тілектеспін. Мұнда уақытты тиімді өткізу үшін қолайлы жағдай жасалған. Мұнан бөлек аудандағы білім беру ұйымдарының жанынан жазғы сауықтыру лагері ұйымдастырылды», - деді аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков.

Жалпы Созақ ауданындағы 33 білім беру ұйымынан оқушылар де-

малысын өткізуде. Балалар мен жасөспірімдердің демалысы мен сауықтандырылуын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылып отырған үш маусымдық лагерьге асыраушысынан айырылған жандар, көпбалалы отбасылар мен үздік оқушылар қамтылған.

Демалушы балалар 5 мезгіл тамақ беріледі. Мұнда оқушылар өз уақыттарын тиімді өткізеді. Спорттық және интеллектуалдық шаралар ұйымдастырылады. Балалар жаңа дос тауып, көңіл көкжиегін кеңейтіп жаз мезгілін барынша қызықты өткізуге жағдай жасалған.

«Созақ үні»-ақпарат»

Түркістан облысында қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 109 бірыңғай желісі іске қосылды. Аталған жүйе коммуналдық-тұрмыстық мәселелерге өтініш білдіруге және әкімдік көрсететін мемлекеттік қызметтер жөнінде кеңес алуға

сы жауапсыз қалмайды дейді мамандар. Облыста алғаш рет жүзеге асып отырған жоба облыс және қала әкімдігінің қолдауымен «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде іске асуда.

Еске салайық! 109 — Байланыс

## Түркістан облысында «109» қызметі іске қосылды

мүмкіндік бермек. Енді жарық, жылу, су, газ, жалпы тұрғын-үй коммуналдық жүйесіндегі ақау мен авариялық жағдайларда мекеме аралап, әуре сарсаңға түсудің қажеті жоқ.

Атап өтерлігі, «109» қызметі бұрын тек Түркістан мен Кентау қалаларында болған. Енді бұл жүйе бүкіл облысты қамтитын болмақ.

Бүгінде облыстың түпкір түпкірінен 3628-нан астам өтініш қабылданып, оның 90-нан астам пайызы шешімін тапқан.

Байланыс орталығына ұялы және қалалық телефоннан қоңырау шалуға болады. Өтініштердің ешқайсы-



Түркістан облысы

Түркістан облысында 109 бірыңғай қызметі іске қосылды

орталығының instagram (@turk.obl\_109), whatsapp (87011313109), facebook (байланыс-орталық) парақшалары және «aikey-109» қосымшасы арқылы өтінімдерді қабылдауға дайын.

«Созақ үні»-ақпарат»

## 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Конкурсты ұйымдастырушы: «Түркістан облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы» ММ;

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, ғимарат 18

Пошталық мекенжайы: 161200, Түркістан қ., Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше;

Электрондық пошта мекенжайы: [dkbuko@mail.ru](mailto:dkbuko@mail.ru);  
Байланыс телефоны: 8 (725-33) 5-97-78; 5-93-65;

Конкурс нысанасы: 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, жас кәсіпкерлерге (өз бизнесін құруға) мемлекеттік гранттар беру

Конкурс нысаны: ашық конкурс.  
Конкурсқа қатысу үшін өтінімдер беру орны: субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы ([qoldau.kz](http://qoldau.kz)) h.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша электрондық өтінім мен конкурстық құжаттаманың толық топтамасын ұсынады.

Өтінімдерді ұсыну мерзімдері: 2022 ж. «18» шілдесінен 2022 жылдың «22» шілдесіне дейін;

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Осы хабарландырумен және конкурстық құжаттамамен [w](http://w) сайтында табылуға болады.

2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.02.2022 № 43 қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер  
Осы 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру қағидалары (бұдан әрі – Мемлекеттік гранттар беру қағидалары) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексі 94-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру тәртібін айқындайды.

Осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларында мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бизнес-жоба – кәсіпкердің өз бизнесін құру (тауарлар өндіру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) мүмкіндігін ашатын, сипаттамалар, есептемелер, болжамдар нысанында орындалған, сондай-ақ жобаны іске асыру мен ұсынылатын мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10 % ы деңгейінде кәсіпкердің меншікті қаражатымен (ақша қаражатымен, бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы/жылжымайтын мүлікпен) қоса қаржыландыру және жаңа жұмыс орындарын құру мерзімдерін қамтитын жоспары;

2) веб-портал – интернет желісінде орналастырылған, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

3) грант беру туралы шарт – кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша өңірлік үйлестіруші, қаржы агенттігі және шағын кәсіпкерлік субъектісі арасында субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталында (бұдан әрі – веб-портал) электрондық түрде жасалатын, талаптары бойынша кәсіпкерге жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға нысаналы грант берілетін ұшжақты келісім;

4) жаңа бизнес-идея – осындай жобаларды іске асыру кезінде бұрын қолданылмаған материалдарды, технологиялар мен әдістерді қолдана отырып, тауарлар шығаруды, қызметтер көрсетуді, жұмыстарды орындауды көздейтін нақты жобаны іске асыруға бағытталған кәсіпкерлік бастама (конкурс өткізу кезінде нақты елді мекенде немесе ауылдық округте іске асырылмайтын тауарлар шығаруды, қызметтер көрсетуді, жұмыстарды

орындауды көздейтін жобалар да жаңа бизнес-идеяларға жатады). Жаңа бизнес-идеяны іске асырудың нәтижесі жаңа және (немесе) жетілдірілген тауарларды (өнімдерді)/көрсетілетін қызметтерді/жұмыстарды немесе басқа кәсіпорындардың практикасында іске асырылған және технологиялық алмасу (патенттелмеген лицензиялар, ноу-хау, консультациялар) арқылы таратылатын нарыққа әзірлеу және (немесе) енгізу болуға тиіс;

5) жеке кабинет – пайдаланушының (кәсіпкердің, уәкілетті органының, ұлттық институттың, қаржы агенттігінің, өңірлік үйлестірушінің, конкурстық комиссияның) тізілімдегі дербес веб-парақшасы;

6) жеке шот – субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде ашылатын, тізілімде тіркелген пайдаланушы туралы ақпаратты көрсететін, оны тану (сәйкестендіру) және оның жеке деректері мен баптауларына рұқсат беру үшін қажетті шот;

7) кәсіпкер – шағын кәсіпкерлік субъектісі, оның ішінде ісін жаңа бастаған жас кәсіпкер, ісін жаңа бастаған кәсіпкер;

8) кворум – конкурстық комиссия мүшелері санының үштен екісінен астамының дауыс беру кезінде қатысуы;

9) кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) – айрықша құқықтар кешенінің құқық иеленушісі оны басқа тұлғаға өтеулі негізде пайдалануға беретін кәсіпкерлік қызмет;

10) конкурстық комиссия – гранттар алуға үміткер кәсіпкерлердің өтінімдерін іріктеу жөніндегі алқалы-кеңесші орган;

11) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес өңірлік үйлестіруші айқындайтын, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжеткізуді және оны иеленуші ретінде сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

12) қаржы агенттігі – “Даму” кәсіпкерлікті дамыту қоры” акционерлік қоғамы;

13) мүдделер қақтығысы – конкурстық комиссия мүшесінің жеке мүдделері оның өз өкілеттіктерін орындауына немесе тиісінше орындауына әкеп соғуы мүмкін болатын кездегі конкурстық комиссия мүшесінің жеке мүдделері арасындағы қайшылық;

14) өтінім – осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларының талаптарына сәйкес қажетті құжаттар қоса берілген электрондық нысандағы өтініш;

15) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – “электрондық үкімет” веб-порталымен өзара іс-қимыл жасау, өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді мемлекеттік қолдауды ұсыну шарттарына сәйкестігіне автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, мемлекеттік қолдау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдық-ретке келтірілген жиынтығы;

16) өңірлік үйлестіруші – облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қалалардың) әкімі айқындайтын, облыс (астана, республикалық маңызы бар қалалар) деңгейінде ұлттық жобаны іске асыруға жауапты жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

17) уәкілетті орган – кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган;

18) үлестес компаниялар/тұлғалар – үлестес компаниялар/Акционерлік қоғамдар туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабында айқындалған заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке тұлғаның үлестес тұлғалары;

жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары (бұдан әрі – жақын туыстары);

ірі акционері/ірі қатысушысы/өндірістік кооператив мүшесі және

(немесе) лауазымды адамы осы жеке тұлға және (немесе) оның жақын туыстары болып табылатын заңды тұлға; осы жеке тұлға және (немесе) оның жақын туыстары бақылайтын заңды тұлға;

осы тармақшаның 3) және 4) абзацтарында көрсетілген заңды тұлғалар оған қатысты ірі акционерлер (ірі қатысушылар) болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;

осы тармақшаның 3), 4) және 5) абзацтарында көрсетілген заңды тұлғалардың лауазымды адамдары;

19) халықтың әлеуметтік осал топтары – “Тұрғын үй қатынастары туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабында айқындалған азаматтар санаты;

20) ісін жаңа бастаған жас кәсіпкер – жасы 29-ға (қоса алғанда) дейінгі, өңірлік үйлестірушіге мемлекеттік грант алу үшін жүгінген кезде дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген мерзімі 3 (үш) жылдан аз мерзімді құрайтын кәсіпкер (жасы ісін жаңа бастаған дара кәсіпкердің өңірлік үйлестірушіге жүгінген күнімен айқындалады, жұмыс істеп жатқан үлестес кәсіпкердің ағымдағы қызметінен өзгеше жаңа қызмет түрін құру шартымен ісін жаңа бастаған кәсіпкердің жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлермен үлестес болуына жол беріледі);

21) ісін жаңа бастаған кәсіпкер – өңірлік үйлестірушіге мемлекеттік грант алу үшін жүгінген кезде дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген мерзімі 3 (үш) жылдан кем мерзімді құрайтын кәсіпкер (жұмыс істеп жатқан үлестес кәсіпкердің ағымдағы қызметінен өзгеше жаңа қызмет түрін құру шартымен ісін жаңа бастаған кәсіпкердің жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлермен үлестес болуына жол беріледі);

22) электрондық өтінімдер тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – өтінімдер, сондай-ақ пайдаланушылар туралы мәліметтердің жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

23) “электрондық үкімет” веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

24) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар жиынтығы.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша экономиканың басым секторларында шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өтеусіз негізде беріледі.

Мемлекеттік гранттарды мемлекет өңірлік үйлестірушілер арқылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік гранттар беруге арналған өтінімдерін іріктеу бойынша өткізілетін конкурстардың қорытындылары бойынша береді.

Гранттар нысанында қолдау шараларын қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Мемлекеттік гранттар беру мақсатында уәкілетті орган республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаражатты өңірлік үйлестірушіге аударады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысымен бекітілген 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны (бұдан әрі – ұлттық жоба) іске асыру мақсатында

20 %-дан аспайтын бөлінетін қаражат халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беруге бағытталады.

Субсидиялаудың ақпараттық жүйесін пайдалану жөніндегі шарттар мен талаптар өңірлік үйлестіруші мен көрсетілетін қызметтерді беруші арасында тиісті шарт жасалғаннан кейін туындайтын қатынастарға қолданылады.

Осы Мемлекеттік гранттар беру қағидалары күшіне енген күні қолданыста болған және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркелген грант беру туралы шарттар қаржыландыруға жатады.

Қаржы агенттігінің көрсетілетін қызметтеріне уәкілетті орган республикалық бюджет қаражаты есебінен ақы төлейді.

2-тарау. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар берудің тәртібі мен шарттары

1-параграф. Мемлекеттік гранттар беру шарттары

Өз қызметін ұлттық жоба шеңберінде жүзеге асыратын, Мемлекеттік гранттар беру қағидаларының 22-тармағына сәйкес осы конкурстық іріктеуге құжаттарды толық көлемде ұсынған кәсіпкерлер гранттар беруге арналған конкурстық іріктеуге қатысушы бола алады.

Осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларының шарттарына сәйкес келетін әрбір кәсіпкер грант беруге арналған қолданыстағы шарттар болмаған кезде бір бизнес-жоба бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру мақсатындағы конкурстық іріктеуге қатысушы бола алады.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін бизнес-жобаның міндетті шарттары:

1) берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10 %-ы мөлшерінде оны іске асыруға арналған шығыстарды кәсіпкердің, оның ішінде бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүлікпен (талап халықтың әлеуметтік осал топтары, оның ішінде 3-топтағы мүгедектер үшін міндетті болып табылмайды) қоса қаржыландыруы (ақша қаражатымен);

2) жаңа жұмыс орындарын құру;

3) кәсіпкердің бизнес-жобасында инфрақұрылымның болуы және/немесе жобаны іске асыру үшін жеткілікті инфрақұрылым құру көзделген инвестициялық жоспардың болуы жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған бизнес-жобаның міндетті шарттары болып табылады.

Кәсіпкерлер жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант қаражатын мынадай мақсаттарға пайдаланады:

1) тауарлар шығаруға немесе қызметтер көрсетуге қажетті негізгі құралдарды (оның ішінде негізгі құралдарды салу/жаңғырту/реконструкциялау/ күрделі жөндеу), шикізат пен материалдарды сатып алу;

2) материалдық емес активтерді сатып алу;

3) технология сатып алу;

4) кешенді кәсіпкерлік лицензияға (франчайзинг) құқықтарды сатып алу;

5) зерттеу жұмыстарымен және/немесе жаңа технологияларды енгізумен байланысты шығыстар.

Кәсіпкердің бизнес-жобаны іске асыру мерзімі грант беру туралы шартқа қол қойылған сәттен бастап 18 (он сегіз) айдан аспайды.

Бұл ретте, егер көрсетілген іске асыру мерзімі ішінде кәсіпкер қызметін жүзеге асырмаса, сатып алынған негізгі құрал өткізілген болса және бизнес-жобаны іске қосу және кейіннен іске асыру үшін ұқсас/балама құралмен ауыстырылмаса, кәсіпкер грант қаражатын өтеуге міндетті.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант қаражатын:

(Жалғасы 6 бетте).

## 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

1) жылжымайтын мүлікті және/немесе жер учаскесін сатып алуға;

2) жалдау ақысының төлемі ретінде;

3) үлестес компаниялардан/тұлғалардан негізгі құралдарды/активтерді сатып алуға (көрсетілетін қызметтерді алуға/жұмыстарды орындауға);

4) бұрын қолданыста болған негізгі құралдарды (жабдықтарды) сатып алуға;

5) осы мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес шанағы немесе кабинадан оқшауланған жүк платформасы бар жүктерді тасымалдауға арналған автокөлікті, сондай-ақ отандық өндірушілердің жеңіл автомобильдері мен жеңіл автокөлік құралдарын жалға алуға және прокаттауға байланысты жобаларды қоспағанда, жеңіл автокөлікті сатып алуға;

6) өңдеуші өнеркәсіпке жататын тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі жобаларды қоспағанда, ауыл шаруашылығы жануарларын (ірі/хсақ қара малды, құсты, бал арасын, сондай-ақ өзге де ауыл шаруашылығы жануарларын) сатып алуға пайдалануға болмайды.

Кәсіпкердің жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант қаражатын игеруі кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелген контрагент шотына қолма-қол ақшасыз төлем арқылы жүзеге асырылады (жеке тұлғадан автокөлік сатып алуға жол беріледі).

Бір кәсіпкер үшін мемлекеттік грант сомасы мемлекеттік грант алуға ұсынылған өтінімге байланысты 5 (бес) млн теңгеге дейін құрайды.

Мына:

1) қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкроттық сатысындағы, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрған;

2) салықтар мен мемлекеттік бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі бар;

3) қызметінің негізгі түрі жылжымайтын мүлікті жалға беру болып табылатын;

4) мемлекеттік грант алуға өтінім берген кезде берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10 %-ы мөлшерінде бизнес-жобаны іске асыруға арналған шығыстарды қоса қаржыландыруға (ақша қаражатымен, бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы/жылжымайтын мүлікпен) растамаған (халықтың әлеуметтік осал топтарын, оның ішінде 3-топтағы мүгедектерді қоспағанда);

5) конкурсқа қатысушының кредиттік тарихына сәйкес қаржылық міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешегі бар;

6) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидалары шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін гранттар беру бойынша қолдау алғандарға (оның ішінде “Бизнестің жол картасы-2025” бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және “Бизнестің жол картасы-2020” бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қолданылу кезеңінде);

7) конкурс өткізілетін өңірге сәйкес келмейтін басқа өңірде тіркелген және бизнес-жобаны іске асыруды жоспарлайтын кәсіпкерлерге гранттар берілмейді.

Конкурсты өткізу үшін облыс (астана, республикалық маңызы бар қалалар) әкімінің шешімімен гранттар беруге үміткер кәсіпкерлердің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия құрылады және оның құрамын бекітеді.

Конкурстық комиссия қызметінің негізгі қағидалары кәсіпкерлер үшін тең жағдайлар жасау, сондай-ақ оларға қойылатын талаптардың біртұтастығы, ұсынылатын құжаттарды зерттеудің жан-жақтылығы мен толықтығы, қабылданатын шешімдердің объективтілігі болып табылады.

Конкурстық комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және конкурстық комиссия мүшелерінен тұрады.

Жергілікті атқарушы органдар мен қаржы агенттігінің өкілдері конкурстық комиссияға төраға бола алмай-

ды.

Конкурстық комиссия құрамында 7 (жеті) адамнан кем емес жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер, ғылыми-білім беру мекемелері, салалық сарапшылар, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінен құрылады.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия отырыстарын ұйымдастыруды жүзеге асырады, атап айтқанда, төрағамен келісу бойынша отырыстардың өткізілетін орнын, күнін және уақытын айқындайды, конкурстық комиссия мүшелерін алдағы отырыс туралы хабардар етеді, отырысты өткізу үшін қажетті материалдарды оның мүшелерінің назарына жеткізеді. Комиссия отырыстары бейнеконференцбайланыс режимінде өткізілуі мүмкін.

Конкурстық комиссияның хатшысы оның құрамына кірмейді және шешім қабылдаған кезде оның дауыс беру құқығы болмайды.

Конкурс комиссиясының отырысы кворум болған жағдайда заңды деп есептеледі. Конкурсстық комиссияның шешімі, егер оған конкурстық комиссияның қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Мүдделер қақтығысы туындаған кезде конкурстық комиссияның отырысы кезеңінде конкурстық комиссияның мүшелері конкурстық комиссияның төрағасына бұл туралы өздеріне белгілі болған сәтте жазбаша нысанда хабарлайды.

Конкурстық комиссия төрағасының мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда оның өкілеттігі конкурстық комиссия төрағасының орынбасарына өтеді.

Бұл ретте конкурстық комиссияның төрағасы және/немесе мүшесі өзіне қатысты мүдделер қақтығысы туындаған кәсіпкердің өтінімін қарау кезінде дауыс беруге қатыспайды.

Өңірлік үйлестіруші конкурстық комиссияның жұмыс органы болып табылды, ол:

1) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өңірлік үйлестірушінің ресми сайтында, сондай-ақ веб-порталда бизнес-идеяларды қаржыландыруға мемлекеттік гранттар беру мақсатында кәсіпкерлерді іріктеу үшін конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялауды жүзеге асырады;

2) жартыжылдық негізде өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ұлттық жобаны іске асырудың бүкіл мерзімі ішінде кәсіпкерлерге гранттар түрінде мемлекеттік қолдау көрсету барысын жария етуді қамтамасыз етеді;

3) кәсіпкерлерге конкурсқа қатысу мәселелері және оны өткізуге қатысты мәселелер бойынша, гранттар берудің шарттары мен тәртібі туралы консультация береді;

4) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына сәйкес кәсіпкерлерден конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер мен оларға қоса берілетін құжаттарды қабылдайды;

5) конкурсты ұйымдастырады және өткізеді;

6) хаттама қалыптастырылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде кәсіпкерлерді грант беру туралы хабардар етеді;

7) грант беруден бас тартылған жағдайда хаттама қалыптастырылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде кәсіпкерге жүктеліп алынған хаттаманы және грант беру туралы дәлелді бас тартуды жібереді.

Өңірлік үйлестіруші гранттар беру жөніндегі жеке қаржыландыру жоспары (бұдан әрі – қаржыландыру жоспары) бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны веб-порталда орналастырады.

Өтінімдерді қабылдау кәсіпкердің тіркелген жері (заңды мекенжайы) бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік гранттар алуға арналған өтінімді қарау мына шарттар сақталған жағдайда беріледі:

1) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грант беруге арналған конкурстық іріктеуге қатысу үшін өтінім беру (конкурстық іріктеуге қатысу үшін өтінім беру етіміне қосымшаны міндетті түрде толтыра отырып) “электрондық үкімет” веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

“Электрондық үкімет” веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

2) өтінімді субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеу;

3) деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің “Заңды тұлғалар” немесе “Жеке тұлғалар” мемлекеттік деректер базаларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған кәсіпкердің субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шотының болуы.

Субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шоттың болуы кәсіпкерге өтінімді субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеуді өз бетінше жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл жағдайда өтінім беру талап етілмейді және ол осындай тіркеу жүргізілген кезден бастап берілген болып есептеледі;

4) есепке алу мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін, субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде алынған, бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешектің жоқ екені туралы мәліметтерді растау;

5) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен “Зейнетақы мен жәрдемақы төлеудің орталықтан-дырылған деректер базасы” автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде алынған өтінім берушінің халықтың әлеуметтік осал топтарына, оның ішіндегі 3-топтағы мүгедектікке жататындығы туралы мәліметтерді растау (қажет болса);

6) бизнес-жобаға қатысатын жылжымайтын мүлікпен қоса қаржыландыруды растау мақсатында – кәсіпкерде субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен және “Жылжымайтын мүлік тіркелімі” мемлекеттік деректер базасымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығындағы жер учаскесінің (-лерінің) немесе өзге де жылжымайтын мүліктің болуы (халықтың әлеуметтік осал топтарын, оның ішіндегі 3-топтағы мүгедектікті қоспағанда);

7) бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы мүлікпен қоса қаржыландыруды растау мақсатында – кәсіпкерде субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ауыл шаруашылығы техникасының мемлекеттік тізілімімен және/немесе “Автомобиль” деректер базасымен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы расталған жылжымалы мүліктің болуы (халықтың әлеуметтік осал топтарын қоспағанда).

Конкурсқа қатысу үшін кәсіпкер бір өтінім ғана беруге құқылы. Өтінімдер конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде қабылданады.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға үміткер кәсіпкерлер өтінімге PDF форматындағы құжаттардың мынадай сканерленген көшірмелерін қоса береді:

1) басшының қоюмен және өтініш берушінің мөрімен расталған, өтінім беру кезіндегі жалдамалы жұмыскерлердің орташа саны туралы анықтама (бар болса);

2) ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкердің оқудан өткенін растайтын, ескіру мерзімі 2 (екі) жылдан аспайтын құжат (бар болса);

3) берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10 %-ы мөлшерінде бизнес-жобаны іске асыруға арналған шығыстарды (бизнес-жобаға қатысатын ақша қаражатымен, жылжымалы/жылжымайтын мүлікпен) қоса қаржыландырудың болуын растайтын құжаттар, кәсіпкердің ағымдағы шотында ақша қаражатының болуы туралы банктік шоттан үзінді көшірме немесе бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын

құжаттар (халықтың әлеуметтік осал топтарын, оның ішінде 3-топтағы мүгедектікті қоспағанда);

4) өтінім берушіде халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызу мәртебесінің бар екенін растайтын құжат (ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы нәтижесінде мәліметтер түспеген жағдайда);

5) кәсіпкердің экономиканың басым секторларында қызметті жүзеге асыруы туралы мәліметтері бар дара кәсіпкерді тіркеу туралы хабарламаның көшірмесі (ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы нәтижесінде мәліметтер түспеген жағдайда).

Кәсіпкер, оның ішінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік және (немесе) дара кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама жөнінде мәліметтер, заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің қызмет түрлері туралы мәліметтер, тарату, қайта ұйымдастыру немесе банкроттық сатылары туралы, сондай-ақ қызметтің тоқтатылғаны туралы мәліметтер, бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша қарыздың бар/жоқ болуы туралы мәліметтер, жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің болуы туралы мәліметтер, кредиттер (қарыздар) бойынша берешек туралы мәліметтер “электрондық үкімет” шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде айқындалады.

Веб-портал (бұдан әрі – жеке кабинет) арқылы тізімді деректеріне қолжетімділік беру үшін:

1) кәсіпкерлердің, өңірлік үйлестірушінің, қаржы агенттігінің, уәкілетті органның (бұдан әрі – пайдаланушылар) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өз бетінше тіркелуі үшін ЭЦҚ-сы болуға тиіс;

2) өңірлік үйлестіруші жыл сайын көрсетілетін қызметтерді берушіге ЭЦҚ-сы бар өз жұмыскерлерінің өзектілендірілген тізімдерін жібереді.

Жеке кабинетте тіркелу үшін пайдаланушылар мына мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі мен ЖСН;

3) байланыс деректері (пошталық мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктегі банктік шоттың деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде пайдаланушы бір жұмыс күні ішінде жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

Субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қол жеткізу уәкілетті органға тұрақты түрде онлайн-режимде өтеусіз негізде беріледі.

Уәкілетті орган жыл сайын субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділігі бар көрсетілетін қызметтерді берушіге дербес деректерді қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес жауапты тұлғалардың тізімін жібереді.

Өтінімді қалыптастыру және тіркеу жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларының 21-тармағы 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларының талаптарын субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің тексеруі үшін қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім кәсіпкердің ЭЦҚ қол қоюы арқылы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеледі және өңірлік үйлестірушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Өңірлік үйлестіруші өтінімді қабылдаған кезге дейін тіркелген өтінімде қатенің болуы анықталған жағдайда, кәсіпкер қайтарып алу себепін көрсете отырып, өтінімді қайтарып алуға құқылы.

**(Жалғасы 8 бетте).**

## Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті

Коррупция термині латын тілінің «corruptio» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекеттің қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни, лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған қққығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай, термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздікті білдіреді. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жою-

дың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы злымдықпен күресу болып табылады. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе – бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері бау жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым Аристотель. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын

да қатты алаңдататыны айқын. Х а - лықаралық қоғамдастық және көптеген мемлекеттердің үкіметтері жемқорлық процестері қоғамда ауқымды материалдық, саяси және моральдық негативті факторлар туғызатынын ертеден анықтаған. Сондықтан, жемқорлық процестерін жеңуге тек тас түйін саяси механизмдер мен ауқымды жүйелі іс-шаралар нәтижесінде ғана жетуге болатынын ескере отырып, жемқорлықпен күресуге жоғары деңгейде көңіл бөледі.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті, өскелең ұрпақ пен мелекетіміздің даму жолында жемқорлықпен күресудің орны ерекше болып табылады.

**Айнұр ӨТЕБАЕВА,**  
**Созақ аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының жетекші маманы.**

## Судағы негізгі қауіпсіздік ережелерін есте сақтаңыздар

Тек жабдықталған жағажайлар мен басқа да шомылуға арналған орындарда, ресми рұқсаты және құтқару қызметі бар жерлерде шомылыңыздар;  
- шомыла білмей белдеріңізден жоғары келетін суға кірмеңіздер;  
- шомылу кезінде бір біріңізді көзден таса қылмаңыздар;  
- жағадан алыс, қойылған белгіден ары жүзіп кетпеңіздер;  
- жүзе білмей, дөңгелекті, үрлемелі матрасты пайдаланбаңыздар;  
- жүзіп келе жатқан катерлер мен қайықтарға жақындамаңыздар;  
- қайықтан, көпірден және кеме аялдайтын орыннан суға секірмеңіздер;

- суға көп шомылмаңыздар, аса тоңып және шаршап қалуларыңыз мүмкін;  
- түнгі уақытта және мас күйлеріңізде суға шомылмаңыздар.  
Құрметті ата-аналар, мұғалімдер, балаларды сауықтандыру лагерлерінің, туристік фирмалардың және демалыс зоналарының басшылары!  
Балаларды қатаң бақылаңыздар, оларды үлкендердің бақылауынсыз қалдырмаңыздар. Балаларға тек арнайы жабдықталған орындар мен жерлерде үлкендердің қадағалауымен ғана шомылуға рұқсат етіңіздер. Балаларға үрлемелі матрацтармен, камералармен, тақтайлармен, үрлемелі ойын-

шықтармен жүзуге қатаң тиым салынады. Оларды жағадан жел немесе ағын алысқа алып кетуі мүмкін, ал бұл көмек көрсетуге қиындық туғызады.  
Азаматтар! Суда абай болыңыздар! Судағы қауіпсіздік ережелері мен сақтық шараларын сақтаңыздар, сонда су жағасындағы жазғы демалыс қайғылы болмайды.  
Естеріңізде болсын! Егерде Сізбен қауіпті жағдай төнесе, Сізге көмек қажет болса «112» Құтқару қызметінің телефон номерін теріп алыңыздар.

**Б.ӘЛИЕВ,**  
**Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің бастығы азаматтық қорғау майоры.**

## Орман мен дала алқаптарын өрттен сақтайық

Созақ ауданы құрғақ және желді климат, шөптесін өсімдіктердің көп болуы дала өртінің тез өріс алуына мүмкіндік туғызады. Ауқымды емес дала өрті сөндіру үшін желдің бағыты және өрттің таралу жылдамдығын анықтау, тұрғындарға ескерту, көмекке шақыру үшін жақын жердегі ауылға хабаршы жіберу, отты жермен көміп, үстіне су құю, кішігірім отты таптау, өрт сөнгеннен кейін кетуге асықпай, қайта тұтанбайтынына көз жеткізу қажет. Егер өрт аймағында бол-

саңыз өз күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, оның таралу бағытын және шығу бағдарын анықтап, құтқару қызметіне 101, 112 нөмірі арқылы хабарласыңыз.  
Далада және орманда жүргенде жанып жатқан сіріңке, темекі тұқылын тастауға, тез тұтанғыш және әлсіз жанғыш материалдан оқ тығынын қолдануға, майланған немесе жанғыш заттар сіңірген материалдарды қалдыруға, отынмен бактарды толтыруға, көлік жанында темекі шегуге, отты тұтандыруға, шөптерді өрте-

уге, тамызығыш линзалар бола алатын бөтелкелер, сынған айнектер тастауға болмайды. Сіздерден табиғатта дем алған кезде осы қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз. Сонда ғана дала және орман алқаптарын өрттен сақтап қаламыз

**Б.АХМЕТОВ,**  
**Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы азаматтық қорғау аға лейтенанты.**

### Жарамсыз деп танылсын

«Сервисная фабрика – АО «Казхтелеком» иелігіндегі «BA3-2107» маркалы автокөлігінің (мемлекеттік тіркеу белгісі: KZ 911 AX/13) техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Астық жинау науқаны мен жем-шөп дайындау жүріп жатқанда өртті жібермеу үшін келесі талаптарды орындау керек:  
- астық жинау науқаны мен жем-шөп дайындауға тартылған адамдар түгелдей арнайы бағдарламамен нұсқаулықтан өту керек;  
- егіндік пен шабындықтарға шығу алдында машиналар мен тракторлар

дырғыларымен жабдықтау қажет. Астық алқабының жанында өрт болған жағдайға трактор мен соқаны дайын ұстау керек. Жинау машинасының шнектары мен транспортерларын дөңдер мен сабандардан үнемі тазалап отыру керек. Астық қоймалары мен кептірушілерден шығу есіктері үймеленбей, есіктері сыртқа қарай ашы-

## Астық пен жем-шөп жинау кезіндегі өрт қауіпсіздік шаралары

алдыңғы буфердің астына келтірілген, заводта шығарылған және жұмыс істейтін ұшқын өшіргіштермен жабдықтау керек;  
- уақытша стандарты егіндіктерден, механикалық тоқтардан, маялардан және тағы басқалардан 100 метр қашықтықта орналастыру қажет;

- стандартқа, жанар жағармай қоймасына, сондай-ақ машиналардың уақытша тұрақтарына бөлінген алаңдар ені 4 метрден кем емес жолақтармен жыртылады. Стандартты өрт сөндіруге қажет су қорларымен, өрт сөндіргіштермен, күрек пен металлдармен қамтамасыз ету керек.

Егіндіктер мен оның жандарында ашық отты пайдаланатын жұмыстарды, темекі тартуды жіберуге болмайды; Жем-шөпті дайындау, тасу және сақтау кезінде: жем-шөп сақтау орындарын ені 6 метр қорғау жолақтарымен жырты керек, ол жолақтар маялардан 15 метрден кем емес қашықтықта болу керек. Жеке маялардың да 10 метр қашықтықта жыртылған қорғау жолақтары болу керек. Шөп маяларын найзағайдан қорғау қон-

луы керек. Астық қоймаларын пайдалану кезінде астықты өрт жағынан қауіпті материалдармен, сондай-ақ қандайда бір жабдықтармен сақтауға тыйым салынады. Жұмыстарды тек қана жұмыс істеп тұрған жылжымалы және стационарлы механизмдерде жүргізуге болады. Жұмыс істеп жатқан механизмдерді қарусыз қалтыруға болмайды, астықты транспортер лентасынан жоғары себуге және лентаның транспортер құрылысына үйкелуін жіберуге болмайды. Қоймалардағы астықты желдеткенде, желдеткіштерді жанғыш қабырғалардан 2,5 метрден кем емес қашықтықта орнату керек. Ауа өткізгіштерді жанбайтын материалдардан жасау қажет. Жоғарыда келтірілген талаптарды орындау ауыл адамдарына, оларға маңызды кезеңде төтенше жағдайларды болдырмауға мүмкіндік береді.

**Б.АХМЕТОВ,**  
**Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы азаматтық қорғау аға лейтенанты.**

## Сыбайлас-жемқорлық экономика дамуына кедергі жасайды

Сыбайлас-жемқорлық бірталай экономикалық заңдардың іс-әрекетін төмендетеді және әлемдік қауымдастық алдында елдің беделін түсіреді, оған тиімді шетел инвестиция жолында басты кедергі болып табылады. Адал және әлеуметтік бағытталған бизнес нарықтан ысырылады, себебі сыбайлас-жемқорлық мұндай бизнесті тиімсіз етеді.

Сыбайлас-жемқорлық әсіресе мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Мұндай жағдайда ол биліктің монополиясын, мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдау өкілеттігін күшейтеді және шенеуніктердің қатал құқықтық есеп беруін және бақылауда болуын жою симбиозын көрсетіп-білдіреді. Практика көрсеткендей, сыбайлас-жемқорлық мемлекеттік жүйенің барлығын бұзады, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройның құлдырауына ықпал етеді. Сыбайлас-жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды және ұйымдастырылған қылмыстың, әсіресе экономика саласында, өсуіне ықпал жасайды.

Сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, болдырмау, алдын алу және өз құзыреті шеңберінде оларды жасаған адамдарды жауапқа тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметі, қаржы және әскери полиция органдарымен жүзеге асырылады. Аталмыш органдардың лауазымды адамдары заңнама белгілеген мерзімде іс, материал, хаттама жіберген адамға немесе органға жазбаша сыбайлас-жемқорлық қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы көрсетіп-білдіру жіберуге, оларды қарағанның нәтижелеру туралы хабарлауға тиіс. Заңға сәйкес бұл органдар олардың құзырынан шығатын шаралар қабылдауға және жауапты мемлекеттік лауазымда отырған адамдардың жасаған сыбайлас-жемқорлық қылмысын анықтаған әр оқиға туралы құқық статистикасы және ақпарат органдарына дереу мәліметтер жіберуге міндетті.

**Б.ӘЛИЕВ,**  
**Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің бастығы азаматтық қорғау майоры.**

## 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Кәсіпкер ұлттық жобаға қатысу үшін өтінімді дайындау және құжаттарды жинау мәселелері бойынша консультациялық қолдау алу үшін өңірлік үйлестірушіге жүгінеді.

Өңірлік үйлестіруші кәсіпкер өтінімді тіркеген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тиісті хабарламаға ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қою арқылы оның қабылданғанын растайды. Бұл хабарлама кәсіпкердің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Кәсіпкер толық емес құжаттар топтамасын ұсынған не анық емес деректерді немесе осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларының шарттарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда, өңірлік үйлестіруші ұсынылған құжаттар бойынша нақты кемшіліктерді көрсете отырып, ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

Өңірлік үйлестіруші өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі арқылы кәсіпкерлердің мақұлданған өтінімдерінің тізбесін қалыптастырады;

2) ақпараттық жүйе арқылы осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күн тәртібін, күнін, уақытын көрсете отырып, мемлекеттік гранттардың берілуінен үміткер шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия отырыстарының графиктерін қалыптастырады.

График қалыптастырылғаннан кейін өтінімдері мақұлданған өтінімдер тізбесіне кірген барлық кәсіпкерлерге тааныстырылымның күні, уақыты мен орны және кәсіпкерлердің жобалары бойынша дауыс беру туралы автоматтандырылған хабарлама жолданады;

3) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде конкурстық комиссия мүшелерінің авторландырылуын қамтамасыз етеді;

4) мәлімделген жобаларды мақұлдау/мақұлдамау бойынша шешім қабылдау үшін конкурстық комиссияның мүшелеріне мақұлданған өтінімдерді және кәсіпкердің электрондық құжаттамасын қарау қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Бюджет қаражаты болған жағдайда конкурс жылына кемінде 2 (екі) реттен сиретпей өткізіледі.

Кәсіпкер өзінің бизнес-жобасымен конкурстық комиссияның отырысында, оның ішінде бейнеконференцбайланыс арқылы тааныстырады.

Мемлекеттік грант беру тетігінің ашықтығы мақсатында өзінің бизнес-жобасын тааныстыратын кәсіпкерді хабардар ете отырып, аудио немесе бейне жазба жүргізіледі.

Конкурстық ко-

миссияның отырысына байқаушылар шақырылады.

Конкурстық комиссияның отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың аккредиттелген өкілдері қатыса алады.

Конкурстық комиссияның отырысы барысында байқаушылар өздерінің бизнес-жобаларын таныстыратын кәсіпкерлерге сұрақтар қоймайды. Байқаушыларға конкурстық комиссияның жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауына, кәсіпкерлердің дербес деректеріне, кәсіпкерлер қатысатын конкурстық рәсімдерге қатысты мәліметтерді жариялауына, техникалық жазба құралдарын пайдалануына жол берілмейді.

Конкурстық комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына сәйкес:

1) ұсынылған құжаттардың толықтығы мен анықтығы тұрғысынан мәлімделген жобаны қарауды;

2) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 5-қосымшада көрсетілген бизнес-идеялар шеңберінде кәсіпкерді бағалау өлшемшарттарына сәйкес әрбір мәселе бойынша балдар қою әдісімен дауыс беруді;

3) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік гранттардың берілуінен үміткер шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия отырысының конкурстық комиссияның әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері және оның қорытынды шешімі көрсетілген хаттамасына қол қоюды жүзеге асырады.

Кәсіпкерлерді іріктеу кезінде конкурстық комиссия мүшелерінің дербес дауыс беруі жөніндегі ақпарат жария етуге жатпайды.

Конкурстық комиссия өтінімдерді зерделеу кезінде өңірлік үйлестіруші арқылы тиісті мемлекеттік уәкілетті органдардан, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардан өтінімде көрсетілген мәліметтердің шындыққа сәйкестігі туралы ақпаратты сұратады.

Конкурстық өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия мынадай өлшемшарттар негізінде (оның ішінде осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 5-қосымшада көрсетілген кәсіпкердің бизнес-жобасын бағалау өлшемшарттарын басшылыққа ала отырып) жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грант берудің мүмкіндігі/мүмкін

еместігі туралы шешім қабылдайды:

1) бизнес-идеялардың жаңашылдығы (талап халықтың әлеуметтік осал топтары, оның ішінде 3-топтағы мүгедектер үшін міндетті болып табылмайды);

2) бизнес-жобаның бәсекеге қабілеттілігі (нарықтық қажеттілікті пысықтау – маркетингтік талдау);

3) бизнес-жобаның қолданысқа енгізуге дайындығы (өндірісті ұйымдастыру мәселесін пысықтау, жобаны орналастыру үшін үй-жайдың, өткізу нарығының болуы, өндірісті іске қосу үшін жобаның эзирлік деңгейі).

Бұл ретте, бизнес-идеяның жаңашылдығы өлшемшартына:

нақты елді мекенде немесе ауылдық округте бұрын өткізілмеген тауарларды шығаруды, қызметтер көрсетуді, жұмыстарды орындауды;

нақты елді мекенде немесе ауылдық округте жаңа немесе жетілдірілген технологияларды қолдануды көздейтін жобалар жатады.

Конкурстық комиссия отырысының хаттамасы веб-портал арқылы қалыптастырылады, оған конкурстық комиссияның мүшелері, хатшысы және конкурстық комиссияның төрағасы ЭЦҚ арқылы қол қояды.

Конкурстық комиссия хаттамасына қол қою кезінде қаралған өтінімдерге сәйкес қаржыландыру жоспарында бюджет қаражатының көлемін автоматты түрде резервілеу жүргізіледі.

Конкурстық комиссияның отырысы хаттамасының қолданылу мерзімі – конкурстық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 9 (тоғыз) ай.

Жобаны бағалау үшін оған балл беру осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 5-қосымшада көрсетілген кәсіпкердің жобасын бағалау өлшемшарттарын негізге ала отырып жүзеге асырылады.

Кәсіпкердің бір жобасы бойынша конкурстық комиссияның мүшесі беретін ең жоғары балл 40 (қырық) балды құрайды. Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын кәсіпкерлердің бизнес-жобалары бойынша ең жоғары балл сомасы осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 5-қосымшаға сәйкес кәсіпкердің жобасын бағалау өлшемшарттарына сәйкес 28 (жиырма сегіз) балды құрайды.

Дауыс берудің қорытындысы бойынша конкурстық комиссияның мүшелері қойған балдар саны қосылып, конкурстық комиссияның қорытынды шешімі айқындалады.

Жоба конкурстық комиссияның дауыс берген мүшелерінің мүмкін болатын ең көп балдарды қосындысының 70 %-ынан астамын жинаған жағдайда, жобаны конкурстық комиссия мақұлдаған болып есептеледі.

Конкурстық комиссия мүшелері мәлімделген жобаны қарау кезінде дискрециялық тәсілді басшылыққа ала алмайды. Жобаны қарау мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

Хаттама бекітілгеннен кейін кәсіпкерлерге веб-порталда тіркелу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына тиісті хабарлама жіберіледі. Бұл ретте, уәкілетті орган хаттаманы веб-портал арқылы тұрақты негізде, ал қаржы агенттігі мен кәсіпкер – хаттамаға қол қойылғаннан кейін ғана қарайды.

2-параграф. Мемлекеттік гранттарды беру тетігі

Веб-портал арқылы өткізілген конкурс нәтижелері бойынша өңірлік үйлестіруші:

1) грант беру туралы электрондық шартты қалыптастырады және оны конкурстық комиссияның хаттамасы бекітілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаржы агенттігіне келісуге жібереді;

2) қаржы агенттігі мемлекеттік грантты беру туралы шарттың жобасын келіскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кәсіпкермен, қаржы агенттігімен грант беру туралы шартқа қол қоюды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік гранттарды мемлекет өңірлік үйлестірушілер арқылы мемлекеттік гранттар беруге арналған кәсіпкерлердің өтінімдерін іріктеу бойынша откізілетін конкурстардың қорытындылары бойынша береді.

Грант беру туралы шарт жасалғаннан кейін өңірлік үйлестіруші кәсіпкерге оның есептік банктік шотына ақша қаражатын аударуды жүзеге асырады. Грант қаражатын дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлғаның шотына аударуға болмайды.

Грант беру туралы шартқа қосымша келісімдерді шарт тараптары веб-портал арқылы жасайды.

Кәсіпкер грантты нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға және грант беру туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті.

3-тарау. Жобалардың іске асырылуын мониторингтеу

Осы Мемлекеттік гранттар беру қағидалары шеңберінде кәсіпкерлер жобаларының іске асырылуын мониторингтеу функцияларын жүзеге асыру үшін қаржы агенттігі кәсіпкерден барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және банктік құпияны құрайтын ақпаратты сұрата алады, жобаны іске асыру орнына бару арқылы мониторингті жүзеге асырады.

Мемлекеттік гранттар беру қағидалары шеңберінде жобалардың іске асырылуын мониторингтеуді кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобаларға мониторинг жүргізу қағидалары негізінде қаржы агенттігі жүзеге асырады.

Қаржы агенттігінің функцияларына:

1) гранттың нысаналы пайдаланылуын мониторингтеу;

2) қаржы агенттігі бекітетін мониторингтеу жөніндегі жоспарға сәйкес бизнес-жобаларды орындау бойынша кәсіпкерлер қызметін мониторингтеу;

3) кәсіпкердің жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі шарттарды орындауын мониторингтеу;

4) кәсіпкердің грант беру туралы шарт талаптарын орындауын мониторингтеу жатады.

Мониторинг шеңберінде қаржы агенттігі:

1) веб-порталда грант алушылардың тізілімін жүргізеді;

2) кәсіпкерлер алған қаражаттың нысаналы пайдаланылуына мониторинг жүргізеді және өңірлік үйлестірушіге кәсіпкерлердің бизнес-жобаларды іске асыру туралы есеп береді.

Қаржы агенттігі кәсіпкердің грант қаражатын нысаналы пайдаланбағанын не жобаның және/немесе кәсіпкердің мемлекеттік гранттар беру талаптарына және/немесе конкурстық комиссияның шешіміне және/немесе грант беру туралы шарт талаптарына сәйкес келмейтін не кәсіпкердің жұмыс орындарының санына қол жеткізу бойынша міндеттемелерді орындамағанын анықтаған кезде қаржы агенттігі өңірлік үйлестіруші және конкурстық комиссияны веб-портал арқылы хабардар етеді.

Қаржы агенттігі ұсынған ақпарат негізінде конкурстық комиссия ақпаратты алған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде анықталған ескертулерді жою үшін қосымша уақыт беру не кәсіпкермен жасалған нысаналы грант беру туралы шартты бұзу туралы шешім қабылдайды, осыдан кейін өзінің шешімі туралы өңірлік үйлестіруші және қаржы агенттігін веб-портал арқылы хабардар етеді.

Конкурстық комиссия кәсіпкермен жасалған грант беру туралы шартты бұзу туралы шешім қабылдаған жағдайда, өңірлік үйлестіруші веб-порталда көрсетілген шартты бұзады және нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған мемлекеттік грант қаражатын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қайтару жөніндегі іс-шаралар жүргізеді. Грант қаражатының бір бөлігінің нысаналы пайдаланылмауы анықталған жағдайда, конкурстық комиссияның тиісті шешімі бойынша грант қаражатын грант қаражатының нысаналы пайдаланылмаған сомасына ғана қайтаруға жол беріледі.

(Жалғасы келесі санда)

Созақ ауданы әкімдігі кәсіпкерлік бөлімі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:  
Абилпаттаев Ержан  
БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактордың міндетін

уақытша атқарушы:

Жауапты хатшы:  
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-  
Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер-  
Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайнер-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терішші-  
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.